

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Бақытжанқызы Қ,
Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м.Үмітқалиев Д.Б.,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
karakatbakytzhankyzy06@gmail.com
umitkaliev.ksu@mail.ru

Жұмыс "превентивті археология"
коворкинг-орталығының
қызметі шеңберінде орындалды

Қола-адамзат өркениеті үшін тарихи және мәдени маңызы зор металл қорытпасы. Ол негізінен мыс пен қалайының (кейде мырыш, қорғасын және басқа да металдардың) қоспасынан алынады. Қола алғаш рет б.з.б IV мыңжылдықта Таяу Шығыста өндіріле бастады.

Қола дәуірі-адамзат тарихындағы тас дәуірінен кейінгі ерекше кезең, ол металлургияның алғашқы қадамдарының қалыптасуы мен қоғамның дамуында айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Қола дәуірі б.з.д 2-мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б 1-мыңжылдықтың басын қамтиды. Бұл кезеңде адамдар алғаш рет мыс пен қалайыны қосып, қола қорытпасын жасап, еңбек құралдары мен қару-жарақтарды жетілдірді. Қоладан жасалған еңбек құралдары тастан, сүйектен жасалған бұйымдарға қарағанда әлдеқайда сапалы, берік болды. Осының нәтижесінде тек металл өндірісі ғана емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, шаруашылықтың дамуы және мәдениеттегі жаңа бағыттардың қалыптасуы орын алды. Қазақстан территориясы, әсіресе, Орталық Қазақстан, қола дәуірінің маңызды орталықтарының бірі болып саналды.

Қазақ жеріндегі ескерткіштер туралы жиналған деректерді, оның ішінде қола дәуірінің ескерткіштерін алғаш рет В.В. Радлов жүйелеп берді. Ғалымның бірнеше томдық еңбектерінде Қазақстан археологиясының ерте кезеңдері бір ізге түсірілді.

Негізінен алғанда қазақ жеріндегі қола дәуірі ескерткіштеріне деген қызығушылықты туғызған Ресей патшасы I Петр указдары десе болады. 1716, 1718 жылдардағы указдарында ол көне заман жәдігерлерін жинастыруға бұйрық берді. Сөйтіп, осы уақыттан бастап Қазақстан мен Сібірдің мәдени ескерткіштерінің талан-таражға түсуі басталды.

Сарыарқа ежелден Ұлы дала белдеуіндегі маңызды саяси-экономикалық орталықтардың бірі. Еуразия континентінің орта тұсын алып жатқан бұл өлке қазіргі физико-географиялық жағынан алғанда-Қазақстанның орталық облысы. Оның батыс бөлігі Торғай үстіртімен, шығысы Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен, солтүстігі-Солтүстік қазақ жазығымен, оңтүстік-батысы Тұран ойпатымен шектеседі. Батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы: 1200 км, ені шығыс бөлігінде: 400 км, батыс бөлігінде: 900 км шамасында.

Орталық Қазақстан қола дәуірінің кезеңдеуін төртке бөліп қарастыруға болады:

1. Сипаттау және қола дәуірі туралы материалдарды жинақтау кезеңі;
2. Қазақстан аймағында 1946 жж. басталған барлау және тұрақты қазба жұмыстары кезеңі;
3. 1970-1980 жж. аралығындағы ірі археологиялық қазба жұмыстары кезеңі;
4. 1990 жж. бастап, қазіргі кезге дейінгі қазба жұмыстары.

Бұл аймақ ерте заманнан бері көптеген зерттеушілер мен саяхатшыларды қызықтырған өлке болып есептеледі. Өлкенің әртүрлі ескерткіштерге бай екендігі турасында X-XVI ғғ. араб, ирандық және Орта Азиялық Ибн-Фадлан, Әл-Бируни, Әл-Бидырыс, Мұхаммед-Хайдар сынды ғұламалар мен жазушылар өз еңбектерінде толыққанды айтып өткені туралы Ә.Х. Марғұлан еңбегінде баяндалған.

Еліміздің орталық өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер мен жәдігерлер жайлы алғашқы деректер ортағасырда өмір сүрген зерттеуші-ғалымдардың, саудагерлер мен саяхатшылардың жазбаларында кездеседі. Олар өздері барған, не жүріп өткен өңірлердегі өздерін таңдандырған, өздеріне тансық болған мәдени жәдігерлерді, нысандарды сипаттап, ерекшеліктерін жазып алып отырған. Қазақ даласын патшалық Ресейдің құрамына қосқаннан кейін және аймақтың индустриясының дамуын зерттеуге, өркениеті мен мәдениетіне, тарихына қызығушылық танытқан ресейлік ғалымдар алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жасады. Бірақ, бұл өңірдегі XIX-XX ғ. бірінші жартысы аралығындағы археологиялық жұмыстар тіркеу-сипаттау түрінде ғана болды.

Қола дәуіріне тән обаларды немесе тас қоршауларды белгілі зерттеуші Н.И. Потанин 1829 жылы Семейден созаққа дейін жүріп өткен жолында Орталық Қазақстан өңірінен кездестіреді. Әлбетте, Н.И. Потанин бұл ескерткіштердің қола дәуіріне жататындығын ол кезде білген жоқ еді. Бұл құрылысты кейіннен «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты еңбегінде И.А. Кастанье былай деп сипаттайды: «В Токраунской

волости, у подошвы гор Бегазы есть 4 замечательные могилы, кругом которых установлены каменные столбы, числом у каждой могилы 18 и более...»

1933 жылы ММТМА-ның Нұра экспедициясы (жетекшісі П.С.Рыков) Орталық Қазақстанда кең көлемді жұмыстарды жүргізе бастады. Оның құрамында М.П.Грязнов, М.И.Артамонов, И.С.Синицын, М.Н.Комарова, Н.К.Арзютов, А.Н.Рогачев секілді ғалымдар жұмыс істеді. Экспедиция отрядтары Нұра, Шерубай-Нұра, Жақсы және Жаман Сарысу өзендері алқабында зерттеулер жүргізді. Зерттеу барысында 32 молалық құрылыстар, 43 қабір ашылды. П.С.Рыков бұл ескерткіштердің басым бөлігін андроновтық кезеңге жатқызады [3, 57-58б.].

Экспедицияның маңызды жетістіктерінің бірі Дәндібай ауылы маңындағы Бегазы-Дәндібай мәдениетінің басым ескерткішінің бірі 2-обаны тауып зерттеуі болып табылады. Обадан күрделі қорымдық құрылыс шығып, одан тұрпаты мен ою-өрнегі қарасұқ (қарасуық) мәдениетіне жақын қыш ыдыстар, андроновтық ескерткіштерден өзгешелеу сабақ ұштары алынады.

1940 жылы Қарағанды облыстық өлкетану музейінің экспедициясы Нұра өзені бойындағы Бесоба-Жаңа-ауыл-Қызылту-Көктал-Қарағанды жер телімдерінде барлау жүргізіп, қола дәуірінің көптеген ескерткіштерін анықтады. Бесоба өңірінен бірнеше тас қоршау және топырақпен үйілген бір оба қазылды. Олардан қола дәуіріне жататын қыш ыдыстар сынықтары мен бұйымдар алынады.

1946-1952 жылдардағы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ) барлау жұмыстарының қорытындылары республиканың орталық аудандарында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеудің болашағы мен мәні зор екендігін ашып көрсетті. Салыстырмалы түрде айтқанда, Қысқа уақыт ішінде Бетпақдаланың солтүстігі мен солтүстік-батысындағы Айшырақ, Дарат, Саңғыру, Ұйтас, Атасу, Жанайдар, Айбас-Дарасы секілді көптеген қорымдар тобы мен Атасу-1-2, Бұғылы-1-3, т.б. қоныстар орны ашылып, зерттелген еді. Нұра өзені алабы мен оның салаларынан, Ортау, Ақшатау, Қарқаралы мен Баянауылдан қола дәуірі ескерткіштерінің көптеген шоғыры анықталды [4, 49-50б.].

1979 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің отряды облыс территориясынан қола дәуіріне жататын төрт қорым және үш қоныс зерттеді. Талды темір жол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан Бозінген қорымындағы сегіз обадан 51 қабір (23 жас балалардікі) аршылады да, олардан ортаңғы қола кезеңін мерзімдейтін заттар (білезік, өрнекті тоға, пышақ, сүйектен жасалған садақ ұштары, алқа, моншақ, қыш ыдыстар, т.б.) алынады. Бұл отряд жүргізген археологиялық барлау нәтижесінде Талды, Құндызды, Ащысу өзендері алабы тексеріліп, далалық жұмыстар барысында түрлі тарихи-мәдени дәуірлерге жататын 100-ден астам ескерткіштер анықталған [5, 433-434б.].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында археологиялық зерттеулерге ерекше көңіл бөлінді. Бұл кезең еліміздің тарихын, мәдени мұрасын және археологиялық ескерткіштерін жаңаша бағалауға мүмкіндік берді. Солардың ішінде Орталық Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеу маңызды орын алды.

1991 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) Сарыарқа өңірінде зерттеу жұмыстарын үздіксіз жалғастыра берді. Бұл кезде экспедиция Ұлытау-Жезқазған өңірінде барлау жүргізіп, болашақтағы өз зерттеу жұмыстарының жоспарын белгіледі.

Әсіресе жоғарыда аталған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары нәтижелі болды. Экспедиция жұмыстары Жезқазған қаласынан шығысқа қарай 77 км жерде орналасқан Талдысай ауылы маңына, Жезді мен Талдысай (Бала Жезді) өзендері қосылған жерде шоғырланды. Далалық жұмыстар барысында түрлі дәуірлерге (палеолиттен кейінгі орта ғасырларға дейін) жататын ескерткіштер анықталып, әрбір дәуірді зерттеуге зерттеуші-мамандар қатыстырылды. Қатарынан бірнеше жыл осы өңірде жалғасып келе жатқан археологиялық қазба жұмыстары қола дәуіріне қатысты тың мағлұматтар жинастыруға зор мүмкіндік туғызды.

Біз қарастырып отырған қола дәуірі ескерткіштері осы Талдысай өңірінде мол ұшырасады. Солардың бірі де бірегейі Талдысай қонысы мен зираты болып табылады. 1992 жылдан бастап Талдысай қонысы мен оның жанындағы археологиялық нысандарда атқарылған қазба жұмыстары Қазақстан археология ғылымын байыта түсті. Талдысай қонысында 1994-1996, 1998, 2001-2004 жылдары кең көлемде қазба жұмыстары ұйымдастырылған. Табиғи жағдайлардың қолайлылығы мұнда ежелгі адамдардың өмір сүруіне көп жағдай жасағандығы белгілі болды. 1998 жылы Талдысай қонысынан ежелгі металлургияның дамуын көрсететін тың мағлұматтар алынды. Зерттеу жұмыстарына қазақ-итальян археологиялық экспедициясының (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) мүшелері де қатысты. Зерттеу барысында баспана орындары, пеш орындары, күл мен кентас қалдықтары, әшекей бұйымдары мен тұрмыстық заттар кешендері алынған. 2004 жылдан бастап ескерткіш Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеліне бастады [2, 85-86б.].

2002 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды археологиялық экспедициясы (жетекшісі И.А.Кукушкин) Аяпберген қорымын зерттейді. 31 құрылыстан тұратын бұл кешен Қарағанды облысы Бұхар жырау ауданында, Қарағанды қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 130 км жерде орналасқан. Қорым солтүстік-батысында Бұхар жырау кесенесіне дейін созылған. Обаны аршу барысында бір-біріне жонын беріп жатқызылған екі жылқының қаңқасы, сүйектен және мүйізден жасалған садақ ұштары, қола тоға мен жапсырма, 1,5 есе иілген алқа бөліктері, тұрпаты цилиндр тәрізді бирюзадан жасалған моншақ, қыш ыдыстары, т.б. археологиялық олжалар алынған. И.А.Кукушкин табылған заттарды мұқият ғылыми талдаудан өткізеді де, қола дәуірі бойынша жүргізілген соңғы зерттеулерге сүйеніп, аяпберген қорымындағы ең ерте

кездердегі қабірлерді б.з.б XVIII ғасырмен мерзімдейді. Ол аяпбергендік бұйымдар ерте андроновтық кезеңге, яғни б.з.б. II-мыңжылдық алғашқы ширегінде жатады, мұндай қорымдар негізінде петров және алакөл мәдениеттері қалыптасқан деп тұжырым жасады [6, 50-69б.].

Қола дәуірінің бірқатар ескерткіштерінің бірі Айбас-Дарасы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында, таудың батыс етегінде орналасқан. Айбас-Дарасы төрт зираттан және қоныс орнынан (Айбас-Дарас 1-4) тұрады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2004 жылдан бастап ескерткішті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші Ж. Құрманқұлов) зерттей бастады. Алғашқы жылы орталық кесененің кезінде зерттелмей қалған бөліктері аршылады. Айбас-Дарасындағы орталық мавзолей қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі ру басшысы жерленген ғажайып сәулет өнерінің туындысына жатады, және де ол далалық аймақтарға кең таралған Беғазы-Дәндібай мәдениетінің оңтүстік-батыс шегарасында орналасқан. 2004 жылы қорым жанынан қоныс орны анықталған. 2005 жылы оған тікқазба түсіріліп, 2006 жылдан бастап ол жоспарлы түрде зерттеліне бастады. Қазіргі таңда Тәуелсіздік алғалы ескерткіштен қола дәуірі мәдениетін айғақтайтын түрлі бұйымдар мен заттар алынып отыр.

Кент қонысы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы, өзімен аттас ауылдан шығысқа қарай 6 км жерде орналасқан. Қызылкеніш тау өзенінің шығысқа қарай созылған ең ірі қоныс болап саналады. Табылған адамдар қонысы шамамен 30 га. Кейінгі қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жатады. Қоныстан 1000 шаршы м. мәдени қабаттар қазылып алынған. Мұнда Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ежелгі, орта және кейінгі кезеңдеріне сәйкес адамдар тұрағының үш сатысы анықталған. Аса бай археологиялық материал: қоладан жасалған 200-ден астам зат (пышақ-қанжарлар, жебе ұштары, найза ұштары, тескіштер, біздер, орақ-шалғылар, сүйек кесетін аспаптар және т.б.), жануарлар сүйектері мен мүйіздерінен жасалған бұйымдар (түймелер, ілмектер, білезіктер, жебе ұштары, былғарыдан жасалған бұйымдар, тігу құралдары және т.б.) көптеген еңбек құралдарымен бірге 20 мыңдай үй және дала жануарларының сүйегінен жасалған бұйымдар, 27 мыңдай керамика фрагменттері жинақталған [1, 76].

Кент негізінен кейінгі қола дәуіріне жатады. Ежелгі қоныстың қала болып қалыптасуы мына жайттардан анықталды:

- 1-аумағы 15 га-дан кем емес;
- 2-тұрғындар саны 5000-ға жеткен;
- 3-монументті (шіркеулік) архитектура;
- 4-ауылшаруашылық округі бар;
- 5-қолөнер өндірісі дамыған;
- 6-сауда және айырбас жұмыстары жүргізілген;
- 7-қала және оның округінің әлеуметтік стратификациясы.

Қоныс пен оның жанындағы ескерткіштерде қарағандылық бірқатар археолог-мамандар (В.Г. Ломан, В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов т.б.) ұзақ жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қонысты жүйелі түрде, жаңа методологиялық бағыт-бағдармен (байырғы қала статусын анықтау, қыш ыдыстарының үлес салмағын нақтылау, т.б.) зерттеуге мол септігін тигізді.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік тұсында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу біршама жолға қойылды. Бұрын зерттелген кейбір археологиялық нысандар материалдары ұзақ жылдардан кейін ғылыми талдаудан өтіп, көпшілік назарына ұсынылды. Бұл кездері Орталық Қазақстанның аймақтарында қола дәуірінің ескерткіштері зерттелген болатын. Тәуелсіз Қазақстан атанғалы Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары да нәтижелі болып, Қазақстан археологиясының даму көкжиегін біршама кеңейді. Нәтижесінде тек Орталық Қазақстанның ғана емес жалпы Қазақстанның ғылыми мұра көлемі ұлғая түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Археология и история Сарыарки: Сб. науч. ст. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2012-315 с.
2. Құрманқұлов Ж. Қ., Байгунаков Д. С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). Монография. - Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. - 192б.
3. Рыков П. С. Нурина экспедиция (1933г)/ Проблемы истории материальной культуры. 1933. - №9-10.
4. Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата. 1966-436 с.
5. Евдокимов В. В. Исследования отряда Карагандинского университета/1980.
6. Кукушкин И. А. Могильник Аяпберген раннеандроповский памятник Центрального Казахстана/Изучение памятников археологии Павлодарского Приптышья; Сборник научных статей. - Павлодар, 2006.

ҚАЗАҚ ЭТНОСЫНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ Л.Н.ГУМИЛЕВ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бакиров Ә.Ә.

Ғылыми жетекшісі: Дюсупова Сәуле Тұяқовна, Ph.D докторы